



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

при изучении полученного материала будет, если организовать практическую деятельность ученика по разработанному алгоритму действий.

В условиях дистанционного обучения в творческой образовательной среде необходимо, чтобы:

1. Организация познавательной деятельности обучаемых опиралась на творческие виды заданий: игры, квесты и др.
2. При изучении учебного материала учащимся предоставлялась возможность использования сервисов web 2.0, при работе с которыми формируется умение разрабатывать дидактические кроссворды, выстраивать хронологию событий, генерировать кодовое слово при решении нескольких заданий.
3. Выполнение самостоятельных заданий обучаемыми с помощью электронных средств обучения предполагало нахождение нестандартных решений.
4. Взаимодействие участников образовательного процесса было организовано на основе информационно-коммуникационных технологий.

Таким образом, творческая образовательная среда, организованная во время дистанционного обучения с помощью информационно-коммуникационных технологий, активных методов обучения, технологии web 2.0, позволяет повысить интерес к учебно-познавательной деятельности обучаемых и уровень качества знаний каждого индивида.

Список литературы:

1. Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. - М.: Смысл, 2001. - 160 с.
2. Левочкина А.В. Творчество в культуре повседневности // Аналитика культурологии. 2012. №23. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tvorchestvo-v-kulture-povsednevnosti> (дата обращения: 06.12.2021).
3. ФГОС Основное общее образование – ФГОС: [Электронный ресурс]. URL: <https://fgos.ru/fgos/fgos-ooo/> (дата обращения: 07.12.2021).

ОӘЖ 001.18

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ахметова Назгуль Едресовна,

құқық магистрі

«құқық негіздері» пәні мұғалімі

Жанбыршина Асем Сапаровна,

«биология» пәні мұғалімі

Турсынова Елена Каирбековна,

логопед- мұғалімі

Нұржан Наушабаев атындағы мектеп- гимназиясы

Тобыл қ.

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты: Бұл мақалада педагогтардың кәсіби дамуындағы инновациялық технологиялар мәселесі қарастырылады. Оқу үрдісінде озық технологияларды қолданудың әдістеріне негізделді. Озық технология - басты нысан ретінде қарастырылады. Мақалада ғылыми-техникалық ақпаратты дәстүрлі әдістер мен интернетті пайдалана отырып, іздей білу тақырыбы қозғалады. Мақалада оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу мәселелері ашылады. Қорытындылай келе, ғылым мен білімдегі инновация – бұл жаңа өнертабыстар мен инновациялық оқыту әдістерін қолдану қажеттілігі туралы айтылады. Мақалада жобалық оқыту технологиясы негізгі қадамдары қарастырылған. АКТ-ны оқу үрдісінде пайдалану – оқу мотивациясын арттырудың бір жолы екендігі дәлелденді.

Түйінді сөздер: Инновация, технология, әдістер, интерактивті әдістер, цифрландыру.

Аннотация

Актуальность и цель: В данной статье рассматривается проблема инновационных технологий в профессиональном развитии педагогов. Основываются на методах применения передовых технологий в учебном процессе. Передовая технология рассматривается как главный объект. В статье затронута тема умения искать научно-техническую информацию с использованием традиционных методов и интернета. В статье раскрываются проблемы внедрения информационных технологий в учебный процесс. В заключение говорится о том, что инновации в науке и образовании – это необходимость использования новых изобретений и инновационных методов обучения. В статье рассмотрены основные

этапы технологии проектного обучения. Доказано, что использование ИКТ в учебном процессе-один из путей повышения учебной мотивации.

Ключевые слова: Инновация, технология, методы, интерактивные методы, цифровизация.

Аннотация

Relevance Goal: This article discusses the problem of innovative technologies in the professional development of teachers. They are based on the methods of applying advanced technologies in the educational process. Advanced technology is considered as the main object. The article touches upon the topic of the ability to search for scientific and technical information using traditional methods and the Internet. The article reveals the problems of the introduction of information technology in the educational process. In conclusion, it is said that innovation in science and education is the need to use new inventions and innovative teaching methods. The article discusses the main stages of project-based learning technology. It is proved that the use of ICT in the educational process is one of the ways to increase educational motivation.

Keywords: Innovation, technology, methods, interactive methods, digitalization.

Қоғамдағы білімнің ерекше рөлін бүкіл адамзат өркениетінің эволюциясы дәлелдейді. Адами капитал – қоғамдық өндірістің маңызды факторы және ұлттық байлықтың элементі, инвестиция өте жоғары қайтарымды береді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, оның білім деңгейімен айқындалады. Жаһандық білім кеңістігіне толыққанды интеграциялану ұлттық білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді», - деп нақты атап көрсеткен болатын.

Ұлы Абайдың «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген әйгілі сөзін еске алсақ, қазір құдайға шүкір, еліміз еңсе көтеріп, әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарымызға бет бұра бастадық.

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді талдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді. Осы бағытта мұғалімдердің инновациялық білім прогресіне бет бұруы көзделуде. Жалпы инновациялық білім прогресінің негізіне педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр:

- педагогикалық тәжірибені оқыту проблемасы;
- психологиялық – педагогикалық ғылым жетістіктерінің практикасына дейін жеткізудің проблемасы.

Білімдегі инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын – теориялықта, практикалықта жаңалықтарды пайдалану болып табылады.

Әлемдік экономика дамуының қазіргі кезеңінде, оның инновациялық бағыттылығы және жаһандану процестерінің кеңеюі жағдайында, дамыған елдер қазірдің өзінде өндіріс саласында емес, білім мен технологиялық идеялар экономикасы саласында бәсекеге түсіп жатқан кезде, жалпы білім беру саласы мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ететін сала, ал ол құратын зияткерлік капитал оның даму болашағы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық фактор ретінде танылады.

Осыған орай, мемлекетіміздің алдында тұрған міндет – бәсекеге қабілеттілік бойынша 50 озық елдің қатарына ену, білім сапасы мәселелерін оларды «капиталдандыру» жазықтығына аудара отырып, білім және ғылым жүйесіне сапалы жаңа талаптар қойып отыр. « Қазіргі білім беру жүйесінің бірінші кезектегі міндеті – сыни тұрғыдан ойлайтын және ақпарат ағынында бағдарлай алатын адамдарды даярлау».

Заманауи білім беру жүйесін дамытудың негізі пәндік саладағы кәсіби құзыреттілікпен қатар интеграцияланған білім, дағды және тәжірибе жиынтығымен, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы құзыреттілікпен сипатталатын мамандарды даярлау болып табылады. яғни жаңа функционалдық талаптар қойылады: бағдарламалау, жобалау, шешім қабылдау және шығармашылық жұмысты жоспарлай білу.

Бүгінгі таңда білім және ғылым саласында инновациялық технологияларды қолдану жан-жақты қарастыруды қажет ететін өзекті мәселе болып табылады. Қоғамның әлеуметтік-мәдени динамикасының экономикасының өсуі, ең алдымен, республикалық аймақтық ғана емес, халықаралық деңгейде де кадрлардың білім деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауымен байланысты болғандықтан, ұлттың болашағының ең басты міндеті білімді азаматтар тәрбиелеу екендігіне көзіміз жетіп отыр. [6. 76]

«Инновациялық технологиялар» терминінің өзі инновацияны енгізу кезеңдерін қамтамасыз ететін әдістер мен құралдардың жиынтығы болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларына: интерактивті оқыту технологиялары, жобалық оқыту технологиясы және компьютерлік технологиялар жатады. Болашақ мамандығының мәнін көрсететін, маманның кәсіби қасиеттерін

қалыптастыратын инновациялық оқыту технологиялары студенттердің де кәсіби дағдыларын шындыққа жақын жағдайда іске асыра алатын өзіндік сынақ алаңы болып табылады.

Инновациялық технологиялар – ең озық, соңғы технологиялар.

Ғылым мен білімдегі инновация – бұл жаңа өнертабыстар мен инновациялық оқыту әдістерін қолдану. Яғни, оқу үрдісінде озық технологияларды қолдану.

Инновациялық технологияларға оқытудың мақсаты – білім алушылардың шығармашылық ойлауын, шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Қазіргі уақытта компьютерлер ең кең таралған технологиялық салалар болып табылады:

- білім беру мақсатында білім алушыларға оқу материалын беру құралы;
- қосымша ақпарат көзі ретінде білім беру үдерістерін ақпараттық қамтамасыз ету құралдары;
- білім деңгейін анықтау және оқу материалын меңгеруді бақылау құралдары ;
- білімді практикалық қолдану дағдыларын меңгеруге арналған әмбебап тренажер;
- оқытылатын пән бойынша оқу эксперименттері мен іскерлік ойындарды жүргізуге арналған құрал.

Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті - білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады. [26-28б]

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс - әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И.П.Павлов «...жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» - деген болатын.

Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл - ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігін айту керек.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс.

Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны тандайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек [18-23б].

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған.

«Инновация» сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді.

Инновация - кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет - білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық акттерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды. [34-37б.]

«Технология» деген сөз грек тілінен алғанда техне – өнер, кәсіп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс - әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;
- оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;
- оқу процесінде қарым - қатынастың еркін болуы;
- оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы - педагогикалық қарым - қатынас пен қарым - қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактивті әдіс - тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті. Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым - қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс - әрекетін оқу - ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз. [61-74б.]

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

- миға шабуыл әдісі;
- топпен жұмыс;
- проблемалық шығарма әдістері;
- рөлдік ойындар;
- зерттеулер;
- іскерлік ойындар;
- сын тұрғысынан ойлау әдісі;
- пікірталастар және т.б.

Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі:

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез - келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушыларының белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері, технологиялары, басқару жүйесі және т.б. Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация - мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс. [125б]

Бүгінде инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік анықталуына жағдай туғызу; мұғалім мен оқушының ойлау стилінде, өзара қарым-қатынастарында өзгеріс, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамыту. Бұл үдерістердің барлық қарама-қайшылықтарында, шығындарында, кемшіліктерінде олар позитивті сипат береді. Осы инновация әлеуметтік институт ретінде білім беруге тән керітартпалықты жоюға мүмкіндік береді, әлеуметтік тапсырыс, мемлекеттің, тұлғаның қажеттілігінің өзгерісіне жедел және икемді жауап беру механизмін құру жағдайларын қамтамасыз етеді, бұл бүгінде отандық білім беруді дамытудың өзекті міндеттері ретінде қарастырылады. [12-14б.]

Жобалық оқыту технологиясы мектептегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың икемді моделі ретінде қарастырылады, ол оқушының зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін, ерікті қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы тұлғаның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруына бағытталған. Жаңа тауарлар мен қызметтерді құру процесі. Жобалық іс-әрекеттің нәтижесі оқу шығармашылық жобалары болып табылады.

Жобалық оқыту технологиясы болашақ нақты мамандығына қарамастан оқушының шығармашылық әрекеті үшін қажетті шығармашылық қабілеттері мен тұлғалық қасиеттерін дамытуға педагогикалық жағдай жасауға көмектеседі. [248б.]

Біздің мектеп- гимназиясында оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру келесі бағыттар бойынша жүзеге асады: теориялық сабақтарда (семинарлар, диспуттар, есептер шығару, конференциялар, іскерлік ойындар және т.б.); қосымша білім беру сабақтарында (эксперимент жүргізу, өндірістік (ситуациялық) есептерді шешу, компьютерлік бағдарламаларды құру және т.б.); сабақтан тыс уақытта (пәндік үйірмелер, олимпиадалар, «Мамандығы бойынша үздік» кәсіби байқаулар; курстық және дипломдық жобалау кезінде (ғылыми-зерттеу жұмыстары, стендтерді, макеттерді, зертханалық қондырғыларды әзірлеу және жасау және т.б.).

Ғылыми-зерттеу жұмысының өзекті бағыты – оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу. Бұл мәселені шешуде мектебімізде ғылыми жұмыстармен айналысу жолға қойылған, оның оқытушылары тек теориялық білім беруде ғана емес, сонымен қатар оқытуда проблемалық-ізденіс әдісін

қолдана отырып, заманауи ақпараттық технологияларды сәтті пайдаланады. Оқушылардың практикалық дайындығы.

Мысалы, 2021-2022 оқу жылының желтоқсан айында «Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Жалпы білім пәндері бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне 11»Ә» сыныбы оқушысы Гулямов Темур информатика пәнінен «AR технологиясы арқылы мектептің стендін жасау» ғылыми жұмысын қорғады. Аталған кезеңде оқушы 3- дәрежелі дипломмен марапатталды. AR технологиясы дегеніміз- «Кеңейтілген шындық» деген мағынаны білдіреді. Бұл AR технологиясы Қазақстанда жаңадан дамып келе жатқан әлі де, толық зерттеле қоймаған технологияның бірі. Мақсаты: осы технология түрін пайдалана отырып, кез - келген стендтегі фотосуреттерді қандайда бір мобильді қосымша арқылы сканерленгенде, фото үстінен видео немесе белгілі объекті шығады.

Яғни, мектеп стендін толығымен көру үшін оосындай мобильдік қосымша түрі жасалынды. Сонда тек фотосуретті қана көріп қоймай, видеосын да қарауға болады.

Сондай-ақ, «Компьютерлік графика», «Робот техникасы» веб- дизайн,баннер жасау, векторлы графика бойынша оқушылар өз бетінше тапсырмаларды орындайды. «Заманауи информатика» деп аталатын қосымша білім беру сабағында тақырыптар ағылшын тілінде жүргізіліп, оқушының білім сапасын қызықтыра отырып, жетілдіруіне бірден бер пайдасын тигізеді.

«AutoCad» графикалық бағдарламасы модулінің дизайны 3 бөлімнен тұрады: кіріспе, диалогтық және қорытынды.

Кіріспе бөлімде, «AutoCad» графикалық бағдарламасын оқудың мақсаты мен міндеттерін анықтай отырып, оқушылар пәтер немесе үй жобасын әзірлеу мысалында «AutoCad» негіздерін үйренеді. Үйіңіздің сызбасын өз қолыңызбен жасау міндеті- тамаша мотивация. Бірнеше топшаға бөлінген оқушылар тапсырмалар алады,әр топ мүшесінің рөлдері анықталады.

Ең мағыналы, көлемді – диалогтық бөлім технологиясы «Құқық негіздері» пәнінде қолданылуда. Диалогтік бөлімнің материалы белгілі бір тақырыптар санына бөлінген. Әр тақырыпты оқып-білудің соңында оқушыларға проблемалық сұрақтар қойылады, олардың жауаптары келесі тақырыпты меңгеруге жетелейді. Жаңа материалды меңгеру алдында білім жаңартылады. Осылайша, кейінгі тақырыптарды оқи отырып, біз өткен материалды қайталауға қайта ораламыз, мұндай оқу оқушылардың оқу материалын терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Диалогтік бөлімді ұйымдастыру барысында орындалған зертханалық жұмыс, оқушының әртүрлі іс-әрекеттерге қатысуы, білімді аралық және қорытынды бақылау, ең бастысы жоба бойынша бірізді жұмысы бағаланады.

Қорытынды бөлім зерттелетін барлық бөлімді жалпылауды және жобаларды қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды қамтиды. Жобалық әдіс оқушыларға өз қызметін жоспарлауда, ұйымдастыруда және бақылауда дербестік танытуға, жобаларды жүзеге асыруда шығармашылықты көрсетуге мүмкіндік береді. Жобаларды қорғау арқылы оқушылар проблеманы шешу құзіреттілігін игереді, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілік, ынтымақтастықта жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау, басқалардың жетістіктеріне қуана білу қабілеттерін дамытады.

АКТ-ны оқу үрдісінде пайдалану – оқу мотивациясын арттырудың бір жолы. АКТ оқушының ғана емес, мұғалімнің де шығармашылық тұлғасын дамытуға ықпал етеді. АКТ адамның негізгі қажеттіліктерін – қарым-қатынасты, білім беруді, өзін-өзі жүзеге асыруды жүзеге асыруға көмектеседі. Биология пәнінде де оқушылармен жүргізілген сабақтарда АКТ-ні қолдану тиімді жолға қойылған. АКТ-ны оқу процесіне енгізу сабақтың тиімділігін арттыруға, мұғалімді күнделікті жұмыстан босатуға, материалды көрсетудің тартымдылығын арттыруға, тапсырмалар түрлерін саралауға, кері байланыс формаларын әртараптандыруға арналған.

Қазіргі білім берудің басты сипаты – оның үздіксіздігі, адамның өмір бойы жалғасуы. Өзін-өзі тәрбиелеу, ақпаратпен жұмыс істей білу - сұранысқа ие маман болу үшін қажетті шарттар. Сондықтан мыналар аса маңызды болып отыр: ғылыми-техникалық ақпаратты дәстүрлі әдістер мен интернетті пайдалана отырып іздей білу, білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану. Бүгінгі таңдағы онлайн оқыту білім берудегі заманауи технология ретінде саналады. Бұған дейін облыстардың балалары ірі қалаларға оқуға кетуге ұмтылатын. Онлайн білім беру керемет қарқынмен дамып келеді. Жақында нақты адамдармен қашықтықтан сабақтар ғана емес, жасанды интеллект басшылығымен оқитын болады. Мысалы, Microsoft қытай тілін үйренуге арналған қосымшаны шығарды. Онда студент чатта бот мұғалімінің қысқаша басып шығарылған және аудио хабарламаларына жауап береді. Жасанды интеллект жауаптарды талдап, дұрыс жүктемені таңдайды.

Цифрландыру: Мектеп инфрақұрылымы үнемі жаңартылып, заманауи білім беру технологиялары енгізілуде. Мысалы, бірнеше жыл бұрын оқушылар тақтада теңдеулерді шешуді әдетке айналдырса, бүгінде көптеген мектептерде интерактивті тақта бар. Мұғалімдер кез келген бейне, суреттер, презентация слайдтарын көрсете алады. Көптеген интерактивті тақталарда саусақпен жазуға болады - біріншіден, енді бормен ластанудың қажеті жоқ, екіншіден, ол жасына қарамастан балаларды қызықтырады.Мектептер интерактивті тақталармен қатар цифрлық өту жүйесімен жабдықталған. Олар сонымен қатар заманауи технологияларды пайдалану аясында енгізілген. Ата-аналар баланың мектеп ғимаратына қашан кіргенін және қашан шыққанын бақылай алады. Қағаз күнделіктері ұмытылып

кете жаздады - электронды күнделіктер кеңінен қолданылады. Жыл сайын мектепте заманауи технологияларды қолдану белсенді түрде дамып келеді. Бүгінгі білім өскелең ұрпаққа бейімделуі керек. Қазіргі балалардың ерекшеліктерін ескеріп, заманауи мектепке жаңа технологияларды енгізу қажет. [344-346б.]

Мектебіміздің педагогикалық ұжымы тек шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім ғана кәсіби ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғалық маңызды мәселелерді өз бетінше шешуге дайын шығармашыл тұлғаны тәрбиелей алады деген негізгі ұстанымға сүйене отырып, оқушыларды оның болашақ өмірі мен қызметі даярлау сапасын арттыру бойынша қызметін жалғастыруда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Акуленко В.И. Формирование ИКТ-компетентности учителя-предметника в системе повышения квалификации // Применение новых технологий в образовании: материалы XV междунар. конференции. [Текст] Троицк, Тривант, 2004. 344-346 б.
2. Горячев А.В. Формирование информационной грамотности в образовательной системе «Школа 2100». Электронный ресурс. URL: www.school2100.ru.
3. С.М.Конюшенко «Формирование информационной культуры педагога в системе непрерывного профессионального образования» [Текст]- Калининград: Изд-во КГУ, 2004. - 248 б
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. [Мәтін] – Алматы, 2015. 26-28 б.
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. [Мәтін] – //Қазақстан мектебі, №4, 2011. 61-74 б.
6. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру» [Мәтін], Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж; 18-23 б.
7. Шишов С.Е. Понятия компетенции в контексте проблемы качества образования. «Государства и образования, [Текст] 2002 г» 34-37 б.
8. Тренерге арналған нұсқаулық. [Мәтін];»Назарбаев Зияткерлік мектебі» Құраст.: ДББҰ, 2012., 6-76б
9. Т.И.Полякова «Информационная культура современного педагога как фактор его профессионального развития» [Текст]: дис. ... канд. пед. наук / Т.И.Полякова. – СПб, 2005. 125б.
10. Педагогика №4, 2004: Периодическое издание / В.С.Лазарев, Б.П.Мартиросян. – Педагогическая инноватика: объект, предмет и основные понятия [Текст]– 12-14 б.
11. Пидкасистый И.И. Педагогика: Учебное пособие / [Текст]– Москва: Российское педагогическое агенство, 1995 49-54 б.
12. Подласый И.П. Педагогика: Новый курс [Текст] – Москва,2000. – книга 1.210-212б.
13. Профессиональное образование №1 2006: Периодическое издание / В.Г.Казаков – Новое время – новые технологии профессиональной подготовки – 12б.

УДК 711.7

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РОСТ ПЕДАГОГА ЧЕРЕЗ ПОСТРОЕНИЕ ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ТРАЕКТОРИИ РАЗВИТИЯ

Байтенова Ляззат Бактыбековна,
магистр педагогики

заместитель директора
РНПЦ «Қостанай дарыны»

Байтенова Салтанат Бактыбековна,
заместитель директора
Костанайского гуманитарного колледжа

Аннотация

Қоғамда болып жатқан өзгерістер жаңа білім мен дағдыны қажет етеді, құндылықтардың қалыптасуына әсер етеді және білім беру миссиясына жаңа талаптар қояды. Бұл үдерістер мұғалімнен үздіксіз білім алуды және кәсіби құзыреттілікті бағалауды талап етеді. Заманауи мұғалім өзінің педагогикалық тәжірибесіндегі қиындықтарды талдайды, оларды жеңудің жолдарын іздеп, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.

Түйінді сөздер: біліктілік санаттары, педагогтердің кәсіби дамуы, педагогтің өзін-өзі талдауы.

Аннотация

Изменения, происходящие в обществе, требуют новых знаний и навыков, влияют на формирование ценностей и предъявляют новые требования к миссии образования. Данные процессы требуют от педагога непрерывного обучения и оценки профессиональных компетенций. Современный педагог